

Темір ауданының әкімдігінің 2017 жылғы 12 қыркүйектегі № 195 "Темір ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Темір ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 18 наурыздағы № 51 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 18 наурызда № 8145 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 22 тамыздағы № 149 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы әкімдігінің 22.08.2022 № 149 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 8, 27 баптарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы", нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №11148 болып тіркелген бұйрығына сәйкес, Темір ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Темір ауданының әкімдігінің 2017 жылғы 12 қыркүйектегі № 195 "Темір ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5658 тіркелген, 2017 жылдың 9 қазанында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Темір ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Темір ауданының әкімі

С. Аманбаев

Темір ауданы әкімдігінің 2021 жылғы

Темір ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар

№	Елді мекендердің атауы	Көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар
	Ақсай ауылдық округі	
1	Ақсай ауылы	Төсбұлақ көшесі, № 4 Ақсай ауылдық Мәдениет үйінің алды
	Алтықарасу ауылдық округі	
2	Алтықарасу ауылы	Астана көшесі бойындағы №16 үйдің сол жағы
	Жақсымай ауылдық округі	
3	Шұбарқұдық ауылы	Мектеп көшесі, №7 үйдің алды
4	Шұбарқұдық ауылы	Мектеп көшесі, №14 үйдің алды
	Қайыңды ауылдық округі	
5	Құмқұдық ауылы	Мектеп көшесі бойындағы №11 үйдің сол жағы
	Кеңестуы ауылдық округі	
6	Қопа ауылы	Мектеп көшесі, №15 үйдің алды
7	Қопа ауылы	Орталық көшесі, №6Б үйдің алды
	Саркөл ауылдық округі	
8	Шұбарши кенті	Геолог көшесі №27А бойындағы " Жекей" сауда үйінің қарама-қарсы беті
	Тасқопа ауылдық округі	
9	Тасқопа ауылы	Астана көшесі №17 бойындағы " Әсем" дүкенінің сол жағы
	Темір қаласы	
10	Темір қаласы	М.Маметова көшесі №20 бойындағы "Жомарт" дүкенінің алды
	Кеңқияқ ауылдық округі	
11	Кеңқияқ ауылы	Балуанов көшесі №27 мекенжайында орналасқан ғимараттың арты
	Шұбарқұдық ауылдық округі	
12	Шұбарқұдық кенті	Нұрпейіс Байғанин көшесі №1 бойында орналасқан бес қабатты тұрғын үйдің арты

13	Шұбарқұдық кенті	Нұрпейіс Байғанин көшесі №83 бойындағы "Ханым" дүкенінің оң жағы
14	Шұбарқұдық кенті	Қызылжар шағын ауданы №4Е учаскесі "Люкс" монша ғимаратының алды
15	Шұбарқұдық кенті	Асау барақ көшесі №7 мекенжайында орналасқан ғимараттың алды

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК